	Тоқтар Әубәкіров – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш, Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, техника ғылымының докторы, профессор. **Талғат Мұсабаев** - қазақтың 2-ші, ал әлемнің 309-шы ғарышкері, техника ғылымдарының докторы, авиация генерал-лейтенанты. ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті төрағасы. **Айдын Аймбетов** – Қазақстан ғарышкерлерінің бірі, халық қаһарманы. Әскери – әуе кыметінің полковниті. **(Т) 2- тапсырма «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.** 4) Өрнектерді баған түрінде жазыңдар және есептеңдер. Тексеріңдер. 36*2=72 72:2=36 84:7=12 12*7=84 28*3=84 84:3=28 94:2=47 47*2=94 25*3=75 75:3=25 38*2=76 76:2=38 85:5=17 17*5=85 96:6=16 16*6=96 27*3=81 81:3=27 26*2=52 52:2=26 **Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады **Кейбір оқушыға:** - Ұқсас тапсырмалар құрастыр. **(Т) 3- тапсырма дәптермен жұмыс.** 6) Есепті шығарыңдар. Ғарышкерлер ұшу сапарына әрқайсысында 32 түбекшеден 3 қорап сорпа және бірнеше түбекше ет алды. Олар барлығы 200 түбекше тамақ дайындаған болса, онда ұшу сапарына қанша түбекше ет алған? Ш:200-32*3=104 Ж: 104 түбекше ет алған. **Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады **Кейбір оқушыға:** 7. Егер боялған бір бөліктің өлшемі берілген болса, осы фигуралардың ауданы қанша болады?  			
Кері байланыс 5 мин	**Кері байланыс:** Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады 	Тақырып бойынша түсінгенін айтады. Тапсырма жазады.	ҚБ қойылады.	

Мазмұны

Жұмағали Зоя Өмірзаққызы. **РАЗРЯДТАН БІР РЕТ АТТАП ӨТУ АРҚЫЛЫ ЖАЗБАША КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ АЛГОРИТМІ**----3
Әлнәзи Кулжазира Бимырзақызы **.ТҮЛКІ МЕН ТЫРНА. ӘЛІПБИ**----6
Каден Гулмира Иниятуллақызы.**«СӘЛЕМ БЕР. СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ»** ----9
Айдарова Нәзігүл Шакизадақызы.**«ЖЕМІСТЕР КОНЦЕРТІ»** ----14
Қыдырбаева Меруерт Нағашыбайқызы.**«АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ АУЫЗША СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ»** ----16
*Абдиреева Бахыткуль.***«СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ 35-39ЖАТТЫҒУ»**----18
Бакибаева Жансая.**«КҮЗГІ ҚҰС КЕРУЕНІ»** ----20
Айгуль Бимбетова Пахрадиновна.**«ОҚУШЫНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚЫЗЫҚТЫРУ ЖОЛДАРЫ»**----23
Боранкулова Молдир Смагуловна. **ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДАҒЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.ФОРМАТИВТІ ЖӘНЕ СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ.**----24
Аймагамбетова Жадыра Сайлауовна. **«§ 86–87 Н. НОСОВ. ТЕЛЕФОН»** ----26
*Шәлтікова Ақнұр Бердібекқызы.***«THEME: OMAR'S ALBUM (ОМАРДЫҢ АЛЬБОМЫ)»**----29
Тулемисова Гульмира Зулпхаровна.**«ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘҢІРДЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ СЫЙ»**----31
Абишев Канат Ержанович.**«ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ»** ----33
Абдрахманова Асем **.БІЛІМ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ**----34
Абишева Нейлегуль Тажибаевна **.НОВЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**----37
Бабаханова Гульнара Кургамбаевна **.РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**----39
Бажарханова Узулай. **МАСШТАБ**----40
Баймурзаева Айсара Тастемірқызы **.ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**----42
Бердіханова Гүлфайруз Сәкенқызы **.ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ**----44
Берсугирова Асылзат Даулетовна **.ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН, СӨЗДІК ҚОРЛАРЫНДАМЫТУ**----46
Далина Гульнур Кикбаевна **.ЕКІ АЙНЫМАЛЫСЫ БАР ТЕҢСІЗДІКТЕР**----48
Джексембеков Серик Ертаевич **.ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ҚОЗҒАЛЫСОЙЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**----50
Дуйсенбаева Нурайлым.**«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»** ----52
Дулатова Ақтолқын Нұрбайқызы **.АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ІТТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**--53
Елеуова Калдыгул Тахашовна **.КӨМЕКТЕС СЕПТІК**----56
Жанибекова Бахтыгул Намияловна **.ЫБЫРАЙ - ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**----58
*Караманова Роза Аманжоловна.***ДЫБЫС. СӨЗ ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІНДЕ**----61
Курмашева Майра Жумагалиевна **.КОМБИНАТОРИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ (ҚОСУ ЖӘНЕ КӨБЕЙТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ)**----64
Лесбаева Ұлжан Бектұрғанқызы **.МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**----66
Мекергалиева Садат Отарбековна **.ТҮБІР ЖӘНЕ ТУЫНДЫ СӨЗ**----69

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ФИЛИАЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ

САБАҚТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ ЖОЛДАРЫ

әдістемелік жинақ

ҚЫЗЫЛОРДА
2022

Соңы **2 мин**	Үй тапсырмасы: 17 бет, №4	Салыстыр. (a+b)*4<(a+b):4 100-(c+d)<100+(c+d) 21+3:3<(21+3):3 (16+4):2<16+4:2 18:(3*2)+8<18:3*2+8 20-15:5+5>(20-15):5+5		2-сынып оқулығы
Сабақтың соңы **5 мин**	**Рефлексия:** құстар.	Стикерге жазып салады.		**Стикер**

ЖАЙ СӨЙЛЕМ МЕН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Жұмағали Зоя Өмірзаққызы
Қазалы ауданындағы
№98 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім:	**Құндылықтар**	
Мұғалімнің аты-жөні	Жұмағали З.Ө.	
Күні:	14.04.2022	
Сынып: 4	**Қатысушылар саны: 14**	**Қатыспағандар саны: 0**
Сабақтың тақырыбы	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.7.1 – құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою; 4.4.1.2 – сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану; 4.3.6.1. – каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру.	
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар:** Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді ажыратады; Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қояды. **Оқушылардың басым бөлігі:** Мәтіннен құрмалас сөйлемді тауып жазады. **Кейбір оқушылар:** Өлең мазмұнына сәйкес бір жай сөйлем, бір құрмалас сөйлем құрастырып айтады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру, өзін-өзі тексеру **8 мин**	Жағымды ынтымақтастықты орта орнату: «Көршіге жылы жүрек» бір-біріне жылы лебіздерін білдіру.	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.		Жүрекше

	Мақсаты: Оқушылардың көңіл күйін реттеу. Оқушылар бір-біріне төмендегі сөздерді айтады: Аспаның ашық болсын, Бейбітшілік болсын, Күніміз жарық болсын, Білімді бол, Әдепті бол, Мейірімді бол, Ақылды бол, Денсаулық тілеймін! Рақмет, балалар! Орнымызға жайғасып отырып алайық. «Серпілген сауал» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтау. Бүгінгі сабақтағы мақсатымыз не? Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірінен өзгешелігін білеміз. Сөйлем түрлерін ажыратуды үйренеміз.	Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.	Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.	Доп
Жаңа білім **15 мин**	Айтылым. 54-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді оқып, өзара салыстыр. Бағанның екі жағындағы сөйлемдердің бір-бірінен қандай өзгешелік бар деп ойлайсың? Бағанның екі жағындағы сөйлемдердің әрқайсысында қанша ой берілгенін анықта, олардың тыныс белгілеріне көңіл бөл. **ТЖ:** «Ойлан, Топтас, Ізден» Айтылым. Жазылым. 56-жаттығу. Мәтінді оқы. Мәтіндегі сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас екенін айт. Сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігі өзгешелігін түсіндір. Құрмалас сөйлемдерді теріп жаз.	Тапсырманы орындайды.	**Дескриптор:** 1. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді оқып, өзара салыстырады; 2. Бағанның екі жағындағы сөйлемдердің бір-бірінен қандай өзгешелігі бар екенін айтады. 3. Тыныс белгісіне көңіл бөліп, сөйлемдердің әрқайсысында қанша ой берілгенін анықтап айтады.	Оқулық, дәптер
2 мин	**Талқылау сұрақтары:** 1. Мәтіндегі сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем?	Тапсырманы орындайды.		Үлестірме қағаз

	2. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігі неде? **Өзіндік жұмыс. 57-жаттығу.** 1. Өлеңде неше құрмалас сөйлем бар екенін тап. 2. Әдептілік туралы мақал-мәтел айт. 3. Өлең мазмұнынан түсінгеніңді айт. 4. Өлең мазмұнына сәйкес бір жай сөйлем, бір құрмалас сөйлем құра.		**Дескриптор:** 1. Өлеңде неше құрмалас сөйлем бар екенін табады. 2. Әдептілік туралы мақал-мәтел айтады. 3. Өлең мазмұнынан түсінгенін айтады.	
Бекіту **15 мин**	**ЖЖ: Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.** 58-жаттығу. Құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемі берілген. Оқушылар келесі бөлігін табады. Ол бүгін ерте келіп, ... Лезде аспанды бұлт торлап, ... Жаз ыстық болса, ... Әсел сабақтан келді де, ... Күн жылынып, ... Күн шыққан соң, ... **Кері байланыс.** ***Тест тапсырмалары*** 1. Бір ғана тиянақты ойды білдіретін дара сөйлем не деп аталады? А) құрмалас сөйлем Б) жалаң сөйлем Ә) жай сөйлем В) жайылма сөйлем 2. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді? А) 5 Ә) 2 Б) 3 В) 4 3. Сөйлем мүшелеріне жатпайтынын белгіле. А) бастауыш Б) анықтауыш Ә) баяндауыш В) сөз тіркесі 4. Сөйлемде айтылған қимыл-әрекеттің иесін білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі? А) баяндауыш		4. Өлең мазмұнына сәйкес бір жай сөйлем, бір құрмалас құрастырып айтады. **Дескриптор:** 1. Құрмалас сөйлемнің келесі бөлігін табады. 2. Құрмалас сөйлемді толықтырып айтады. **Дескриптор:** Алған білімдерін толықтырады.	Оқулық, дәптер Тест

	Б) анықтауыш Ә) бастауыш В) толықтауыш 5. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшелері? А) анықтауыш Ә) пысықтауыш Б) тұрлаулы В) тұрлаусыз **Жауаптары:** 1) Ә, 2) Б, 3) В, 4) А, 5) Б. 2 жай сөйлем, 1 құрмалас сөйлем жазу.			
Кері байланыс 5 мин	**Кері байланысты «Менің күнделігім» әдісі арқылы береді.** Мұғалім оқушылар жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды. **Оқу тапсырмасы:** 58-жаттығу.	Кері байланыс жасайды. Оқу тапсырмасын жазып алады.	ҚБ қойылады.	

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Ильясова Улзада Алмасовна
Қазалы ауданындағы
С. Сейфуллин атындағы
№165 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	С. Сейфуллин атындағы №165 орта мектеп	
Пәні:	Қазақ тілі	
Бөлім:	Табиғат құбылыстары	
Педагогтің аты-жөні:	Ильясова Улзада Алмасовна	
Күні:		
Сынып: 4	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы:	**Зат есімнің септелуі**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.2.1 – тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; 4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу	
ОДД	Білу, қолдану, жинақтау, бағалау	
Сабақтың мақсаты	Зат есім септіктерінің атын, сұрақтарын, олардың жалғауларын білетін болады.	
Сабақтың барысы		

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе..... 3
2. ***Айтменбетова Б.А.*** Жануарлар – тірі ағзалар..... 4
3. ***Әбсұлтан Ұ.Ш.*** Бөлшекті оқу, жазу және салыстыру..... 6
4. ***Байкубекова М.К.*** Есептеудің және есептерді шығарудың тиімді тәсілдері. Жұлдыздар..... 10
5. ***Байниязова Ж.Т.*** Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер..... 13
6. ***Бегалиева К.У.*** Екі-үш амалмен орындалатын есептер шығару..... 16
7. ***Боранбаева Г.К.*** Санды және әріпті өрнектер. Теңдік және теңсіздіктер 18
8. ***Далиева Ж.О.*** Жер астында қала бар. Алтын мүйізді киік..... 20
9. ***Дарменкулова К.Н.*** Зат есім..... 26
10. ***Ергазиева Г.Т.*** Дәмді әрі пайдалы..... 32
11. ***Жаншөреева Б.С.*** Аңдар да сөйлейді. Түлкі мен тиін..... 35
12. ***Жубаназарова А.У.*** Өткенді бекіту. Қазақстан қорықтары..... 38
13. ***Жұмағали З.Ө.*** Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем..... 41
14. ***Ильясова У.А.*** Зат есімнің септелуі..... 44
15. ***Кенесбаева Ж.К.*** Су. Судың түрлі күйі..... 47
16. ***Кенжебай Г.Т.*** Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем..... 52
17. ***Куйлишева С.Ж.*** Мен және табиғат. Ғғ дыбысы мен әрпі..... 57
18. ***Кукелекова А.Т.*** Б б дыбысы мен әрпі..... 60
19. ***Мамбетова Н.С.*** Тұңғыш ғарышкер..... 63
20. ***Мырзагулова Г.Т.*** Теңдік және теңсіздіктер. Санды және әріпті өрнектер..... 66
21. ***Нуранова З.У.*** Тыныс алу мүшелері..... 70
22. ***Орыналиева А.К.*** Жыл мезгілдері (ертегі)..... 73
23. ***Рзалиева Ж.Д.*** Қанайналым жүйесі..... 77
24. ***Сансызбай А.*** Есептеудің және есептерді шығарудың тиімді тәсілдері. Жұлдыздар..... 82
25. ***Сарсенбаева Д.А.*** Ғарыш. Ғаламшарлар қалай орналасқан?..... 85
26. ***Сералиева Ж.А.*** Көп ұйықтаған зиян-ау! О. Әубәкіров «Сүт қалай ұйықтады?»..... 89
27. ***Тұрсынова Г.С.*** 10-ға, 100-ге көбейту және бөлу. Ғимараттарды неден тұрғызады?..... 94
28. ***Турсынбаева О.М.*** Менің достарым. Дд дыбысы мен әрпі..... 98
29. ***Утенова Э.К.*** Адам. Қаңқа құпиясы..... 102
30. ***Ысқақ Ш.А.*** Сақтан, қорға, көмектес..... 107
31. ***Ізтілеу С.Б.*** Пайыздар..... 110

БІЛІМ ӘЛЕМІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ , ҒЫЛЫМИ -ТАНЫМДЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЦЕНТР ПОДДЕРЖКИ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

№ 100
НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ

КАБДУЛКАЛИКОВА ШОЛПАН АБУЕВНА
СКО., Кызылжарский район, село Бесколь
КГУ "Бескольская средняя школа
№ 3 мини -центр "Білім" Воспитатель

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ , ҒЫЛЫМИ -ТАНЫМДЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

БІЛІМ ӘЛЕМІ

№ 100 НАУРЫЗ 2024

Ақылдастар алқасы және редакция алқасы мүшелері

Қайыржанова С.Е., *педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
Дубин С.Н., *психология ғылымдарының докторы, доцент*
Бекжігіт С., *филология ғылымдарының кандидаты, профессор*
Әбіл Е.А., *тарих ғылымдарының докторы, профессор*
Джорабекова А.М., *педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы)*
Ким.Н.П., *Педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
Султанбаева Г.С., *саяси ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)*
Крымов А.А., *заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Рязань қ.)*
Татарян В.Г., *заң ғылымдарының докторы, профессор (Мәскеу қ.)*

Редактор: Жолтаева Назгул Алхановна
Техникалық орындаушы: Балтабай Шұғыла Жеңісбекқызы

Журнал 07.09.2016 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде тіркелді , № KZ30VPY00056137

Колжазба авторға қайтарылмайды. Жарияланған мақала авторларының көзқарасына редакция пікір білдірмейді.

Басуға 28.03.2024 ж. қол қойылды. Таралымы 50 дана. Басылым индекс: 050016 mail: n_ortalyk@mail.ru
Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады.

Редакцияныц мекен жайы: 050016, Алматы каласы, Пушкина даңғылы 2 телефон: 8707 177 71 08

	471 · 9 [<] 471 · 10 + 471 582 002 : 2 [>] 58 202 : 2 5 · 20 [>] 99 – 1 589 + 4 · 0 [>] 589 · 0 + 4 800 000 – 1 [<] 799 999 + 1 125 004 : 3 [=] 1 250 040 : 30 №10. Таразының бір табақшасына 5 бірдей шар және 3 бірдей текше салынған. Екінші табақшасында осындай 4 шар мен дәл сондай 4 текше бар. Таразы теңесіп тұр. Қайсысы жеңіл: шар ма, текше ме? Шешуі: Мұғалім пайымдауды көрнекі материалмен демонстрациялап көрсетеді: егер әрбір таразы табақшасынан бірдей заттың бірдей санын алып тастаса, онда таразылар тепе-теңдікте қалады. Яғни таразыдан 4 шар және 3 текшедан алып тастауға болады. Таразылар тепе-теңдікте қалады, сонымен қатар бірінші табақшада 1 шар, ал екіншісінде - 1 текше қалады.		ҚБ: 1-10 балдық жүйе ҚБ: 1-10 балдық жүйе	жазылым тапсырма-лары.
Кері байланыс	Кері байланыс: «Еркін микрофон» әдісі Үй жұмысы: №1111 тапсырма. Сол жақ бөлігіндегі амалдардың орындалу ретін белгіле. Теңдеулерді шеш. 390 + 4 900 : k = 460 230 · a + 40 = 10 000 : 20			микрофон

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Жұмағали Зоя Өмірзаққызы
Қызылорда облысы Қазалы ауданы Майдакөл ауылы №98 орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі Педагог - сарапшы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі кезін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. Бұл әлемдік деңдейдегі қатынастың күшейе түсуіне байланысты. Қазіргі кезде Қазақстан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін білім мен ғылымды дамыту жолына түсті. Еліміздегі білім беру саласының алдында 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, білім берудің сапасын халықаралық стандарттарға жеткізу, ол үшін әрине білім беру саласының алдында оқушылардың білім сапасын көтеру міндеті қойылып отыр.

Білім-ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектептегі инновациялық жұмысты жандандыруда дер едім.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде мектеп оқушыларына білім беру бұрын қалыптасқан жүйеден әлдеқайда жоғары талаптар қояды. Бұл талапты жүзеге асыру үшін мұғалім қызметі арта түседі Білім сапасын заман талабына сай көтеру үшін оқытудың жаңа технологиясын күнделікті сабақ жоспарына енгізген, үнемі ізденуден жалықпайтын жаңа әдісті тиімді қолдана білуді меңгерген ұстаз ғана нәтижелі табысқа жете алады. Қазіргі көзқарастар бойынша мұғалім оқушыны оқытпауы керек, оқушы өзі оқуы тиіс. Ал мұғалім оқушының ақыл-ойының дамуын ұйымдастырушы, балаға бағыт-бағдар беріп, басшылық жасауы тиіс.Сонда ғана білім сапасын жоғарылатып, қоғамға лайықты азамат тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальді, кәсіптік, адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу ерекше қиын іс. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылығын арттыру - ұстаз парызы.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік – құқықтық құжаттары адамның шығармашылығын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болсада ашық, еркін айтады. Олар мұғалімнің жетегіне тез ілескіш, үлкендердің ой – пікіріне қатты сүйенеді. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіруі керек. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік – оларды психологиялық дайындықтан өткізу, яғни шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырып, «сенің қолыңнан бәрі келеді екен ғой», «өзің де бәрін біліп, үйреніп аласың» деп олардың кішкентай жетістіктерін мадақтап, көтермелеп отыру керек.

Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктері оқу әрекетінде көрінеді. Оқу әрекетінде мұғалім мен оқушы тығыз байланыста болуы керек. Ол үшін мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Менің байқағаным, бастауыш сыныптарда шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренген оқушы жоғарғы сыныптарда шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады және дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге тырысады. Оқушы не нәрсені болса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығуын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сонымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталмақпыз:

Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл – күй тудыру арқылы оқушылардың назарын бір нәрсеге бағыттау керек, яғни, оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін, үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрінде ұсынған жөн.

Шығармашылық жаттығу, ойын – тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: бірінші – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екінші - өзіне - өзі тым риза болмаушылық сезімі, үшінші – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдары:

Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай жасау;

Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсіру үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдау болып табылады.

Олар мынадай:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
- Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
- Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу;
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын мәтін әңгіме құру);
- Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;
- Қиялдау арқылы сурет салғызу;
- Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру;
- Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;
- Мәтін, әңгіме, ертегіні өз бетінше аяқтау.

Ал, сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жұмыс түрлері:

- Мұражайға апару;
- Әртүрлі кездесулер өткізу;
- әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру;
- Балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуше зор әсерін тигізеді.

Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушының шығармашылық бағытта дамуына жеке мән беру болып табылады. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Бастауышта сәтті сабақ белгіленген мақсатқа жетуге ұстаз бен оқушының өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асатын үрдіс. Оқушы әрекеті:

1. Өз ойын еркін жазу.
2. Өзгені тыңдай білу және көмектесу.
3. Бірлесе әрекет ету.
4. Өз әрекетін талдау.
5. Өз мақсатын анықтау.

Сабақта, тәрбие сағаттарында оқушылардың қабілеттерін қалыптастыруда мынадай инновациялық амалдармен жұмыс жүргіздік:

1) өзіндік пікірлерін дәлелдеу;
2) пікірталастар мен талқылауларға қатысу;
3) өзінің жолдасына, мұғалімдерге сұрақ қоюы;
4) жолдасының жауабына пікір айту;
5) сыныптасының жауабы мен жазбаша жұмысын бағалау;
6) үлгермеушілерге түсініксіз жерлерін түсіндіру;
7) өз бетімен күрделі тапсырмаларды таңдау;
8) танымдық тапсырма шешімдерін табуда бірнеше нұсқа көрсету;
9) өзіндік бағалауға жағдай туғызу, өзінің танымдық және практикалық әрекетін талдау;
10) танымдық тапсырмаларды шешуде бұрыннан білетін әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы орындау.

Бүгінгі мектептің басты мақсаты-болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеріп, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу. Ол үшін бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Ұстаздан білім мен тәрбие алған шәкірттің алғыр, озық ойлы, жақсы болуы-ұстаздың айтқан сөзінде емес, оның көрсеткен үлгісінде. Ұстаз-ұстаз болып танылуы үшін оған ең алдымен үлкен білім мен білік, ұйымдастырушылық қабілет керек. ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»деген екен. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді:

1.Мұқият дайындалу.

2.Шеберлікпен өткізу.

Дұрыс жоспарланбаған, оқушылардың оқу мүмкіндігімен санаспайтын сабақтың сапасы болмайды. Сабаққа дайындалу-нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру. Инновациялық технология бұл әдістердің бастамасы, яғни интербелсенді тақтаны қолданып сабақ жоспарын ұйымдастыру.Қазіргі кезде ортамызда орын алып жатқан оқытудың жаңашыл жобалары басшылыққа алынып келеді.Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасы».

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы- ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу. Сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдермен қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Оқушылардың ойлау, қабылдау қабілетін аңғаруға топтық жұмыс өте тиімді, яғни сабақты деңгейлеп оқыту арқылы іске асыру және оқушыға тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ізденгіштігін, байқампаздығын дамытып, жеке тұлға болып дамудың биіктігіне шығуына әкелер жолдың бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы деген болар едім.

Сын тұрғысынан ойлау-ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің төркіні - «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекеті деп тұжырымдалады. Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. (Л.С.Выготский) Оқушы шығармашылығын шыңдауға «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының берер көмегі зор.

«Сыни ойлауды дамыту»жобасы авторының бірі Ч. Темпл төмендегідей әдістерді ұсынады.

— Күтілетін нәтижелерді нақты айқындау;
— Жазба жұмыстарын жиі орындау;
— Оқушының ой-өрісін белсенділендіретін сұрақтар қою;
— Бірлесе оқу тәсілдерін қолдану
— Оқыту пәндерін әлеммен, күнделікті өмірмен байланысын орнықтыру;

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес оны шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.Олай дейтінім мен осы бағдарламаны басшылыққа алып жұмыс жасау барысында көз жеткіздім. Мұғалімдік кәсіби шеберлігім жетіле түсті. Бағдарламаны басшылыққа алып сабаққа пайдаланғаннан бері оқушылардың пәнге

қызығушылығы артып, болжау қабілеттері мен жаңалықты тез қабылдауы, өз бетінше шығармашылықпен ізденуге бейімделгенін байқадым.

Әсіресе ана тілі, қазақ тілі пәні бойынша үйге берілген мәтін бойынша ұнаған көрініске сурет салып келу, сол тақырыпқа сай өлең құрастыру немесе ребус пен сөзжұмбақ құрастыру тапсырылады. Бұндай тапсырманы оқушылар ерекше ынтамен орындап келеді. Нәтижесінде бала ойлай отырып, елестетеді, қиялдайды, болжам жасайды. Оқушыға тақырыптың мазмұнын толық меңгерте отырып, әсіресе, сурет салуға бейім балалардың ойын ұштай түстім. Сурет немесе шығарма жұмысы арқылы оқушының өзін-өзі тануына ықпал жасадым. Әрбір баланың еңбегін бағалап, мадақтау қажет. Мысалы, ана тілі сабағында «Еліктің лағы» атты мәтінді өткенде ой-толғаныс сәтінде оқушыларға өлең құрастыру тапсырылды. Солардың бір-екеуіне тоқталсам:

Нұрдос:Келе ғой лағым,
Міне тұр бұлағың.
Су іше ғой қанекей,
Мен күтіп тұрамын.
Назым:Қанекей лағым,
Дайын тұр бұлағың.
Су іше ғой қанекей

Сені күтіп тұрамын- деген өлең шумақтарын бірнеше оқушылар құрастырды. Ал «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін өткенде оқушылардың қызығушылығын ояту сатысында Абай туралы не білеміз?- деп сұрадым. Оқушылар:

Бағдарламаның ішкі құрылымында өзіндік ерекшелік бар. Құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйрету моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сонымен қатар оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге, құрметтей білуге үйренеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер сабақта баланың танымдық белсенділігінің артқандығын, өз бетінше жұмыс жасауға үйренгендігін, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтса, оқушылар- сабақтарының қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

Қызығушылықты ояту. Оқушы тақырыпқа байланысты өз білімін анықтайды, еске түсіреді. Тіпті қағазға жазып, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Яғни тақырыпқа қызығушылық басталып, зерттеу қалыптасады, белсенділігі артады.

Мағынаны тану.Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Ой толғаныс: Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді.Үйренгендерін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.Бір-бірімен ой алмастырады, ой түйістіреді, әр түрлі шығармашылықпен көріне алады.

Өз сабағымда осы бағдарламаның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Ең әуелі оқушылар ойын шыңдап, кез-келген даму деңгейіне сыни көзбен қарай алады. Бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауды және бірін-бірі тыңдай білуді үйренеді. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады. Сабақта оқушыларды орталықтарға бөлу кезінде сабаққа деген қызығушылығы артып, бір-бірімен пікір алмасып, еркін сөйлеуге үйренеді және сөздік қорлары молаяды.

Оқушы–ізденуші тұлға. Оқушының тілін ойын дамытып, байланыстырып сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты рөл атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, қызығушылығы артады, ойын дамытады және жазу дағдысын қалыптастырады. Ал жазуға дейін бала мәтінді оқып, тыңдап көңілге тоқып түсінеді. Мәтінді өз бетінше талдай отырып оның тақырыбы мен мазмұнын игеруде «Түртіп алу стратегиясы», «ЖИГСО», «ББҮ» әдістерінің маңызы зор. Ой қорытыу жинақтап бір түйінді пікір жасау үшін «Эссе», «Бес жолды өлең» әдістерін пайдалануда оқушылардың қызығушылығы артып, қисынды ойлап, сабаққа деген белсенділігі де артатындығын байқадым.

Оқуға зауқы жоқ, үлгерімі нашар деген баланың бойынан жоқ дегенде бір жақсы қасиет табуға болады. Осындай баланың ерекшелігін көре алатын мұғалім ғана өз ісінің маманы ретінде танылады. Кез-келген пәнге оқушы қызығушылығын арттыру үшін дәстүрлі әдеттерге қоса хабарлама, көрнекі көрсету,безендіру әдістерін қолдану, сонымен қатар зертханалық және сарамандық тәжірибелерді дұрыс ұйымдастыра білу мұғалім шеберлігінің бір көрінісі.

Адам топ ішінде ғана толығады десек, оқушылардың топтасып жұмыс істеуі өз әсерін береді. Ойды ой жетелейді. Сабақтың байланысып, бір-бірімен сабақтасып жатуына бағдарлама әдістерін пайдалану септігін тигізеді.Сонымен бірге оқушыларды сабаққа ынталандыру сабақ жоспарының түрлеріне де байланысты. Мәселен, жарыс сабақ, сахналау сабақ және ойын сабақтарын қолдану баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады.

Қазіргі қолданылып жүрген сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу, оқыту мақсатына жеткізудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету оқушылардың өзі арқылы жүзеге асады.

Біз оқушыларымыздың таланттарын шыңдай түсуін, шығармашылығын көрсете білуін және оны жетілдіре меңгеруін қалаймыз. Ол үшін мектеп, мұғалім оқушының табиғи нышандарының оянуына, оның ақиқатқа айналуына көмектесуі қажет. Осы тұрғыда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасын өз уақытында қолға алынған дидактиканың бүгінгі күнгі көкейтесті мәселесін шешуге бағытталған бағдарлама деуге әбден болады.

Оқыту мен үйрену кезінде оқушының тек белсенді түрде ғана меңгерген білімі маңызды әрі тиімді.

Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді дегенде, мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пердерерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртіне нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Ал лайықты тұлғаға жету үшін үнемі ізденісте жүру қажет деп ойлаймын. Атақты педагог К.Д.Ушинскидің «Мұғалім жас бала үшін тендесі жоқ күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген сөздерді әр мұғалім үнемі жадында ұстау керек.

Қорыта айтқанда дәстүрлі оқыту баланы оқуға, жаттауға, есте сақтауға үйретсе «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы баланың дербес немесе топтаса, ұжымда бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасауына, алған білімін өмірде пайдалана алуға үйретеді. Заман талабына сай технологиялық ақпараттарды қолданып, олар арқылы сауатты да білімді ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұстаздың борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) «Бастауыш сынып» журналы №1-2018, №2-2015, №2-2016, №2-2019, №3-2020
2) С. Қарапаев. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы. /Бастауыш мектеп. 2006ж №1/
3) Тұрысбаева. Дамыта оқыту технологиясы.
4) Шығармашылық – басты мақсат. Р. Омарова. / Бастауыш мектеп. 2006 ж №3/
5) Г.Нұрахметов. Шығармашылық жұмыстар – оқушының қозғаушы күші. /Бастауыш мектеп/ № 2-2006

ҚҰРЛЫҚ СУЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Кайдаулова Айгуль Уристембековна
Қызылорда қаласы Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебінің география пәні мұғалімі

Бөлім 3	Физикалық география. 3.3. Гидросфера
Педагог Т.А.Ә	Кайдаулова Айгуль Уристембековна
Күні:	
Сынып: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы
Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	8.3.3.1.-құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды
Сабақтың мақсаты	-құрлық суларының түрлерін ажырату -құрлық суларының қалыптасуын анықтайды - ЕББҚ
Бағалау критерийлері	-құрлық суларының түрлерін ажыратады -құрлық суларының қалыптасуын анықтайды - ЕББҚ
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну
	Сабақтың барысы

Мазмұны

Сейтжапарова Гульнара Серикхановна **Оқушының оқу жетістігін критериалды бағалаудың тиімділігі** ----------3
Утепбергенова Макпал Есенгелдыевна .**Ағылшын тілі сабағында оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту**---------6
Абиханова Айгул Жаксылыковна .**Теңдеулер / Күн жүйесі**----------10
Жұмағали Зоя Өмірзаққызы. **Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту**----------13
Кайдаулова Айгуль Уристембековна. **Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы**----------17
Картабаева Айгерим Рахметуллаевна. **Инновационные технологии на уроках русского языка и литературы**. ----------20
Маденова Улмекен Булатовна .**Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту**----------23
Примова Акбупе Малкайдаровна .**Үш таңбалы сандарды ауызша қосу және азайту**----------27
Атабаева Жанат Кенжали .**Инновационные методы преподавания русского языка и литературы в казахских школа**----------29
Тенизбаева Фарида Нурлыбековна .**Махамбет Өтемісұлы «Мен, мен, мен едім» өлеңі**----------32
Шамгунова Жанат Сламхановна .**Диалоговое обучение на уроках русского языка и литературы в казахской школе как способ развития речи у учащихся**----------35
Аймагамбетова Эльмира Темирбековна. Films and stories ----------38
Нұрмаханова Жазира Сұлтанқызы. **БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БЕЙІНАЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ** ----------41
Тлеуберди Акмарал .**Биология пәні бойынша заманауи білім берудегі тенденциялары**----------43
Сейдахметова Назгүл Еркінқызы. **Физика пәнінен заманауи білім беру трендтері**----------46
Арынбекова Айнур Жарасовна. **БІР БАҒЫТТА ҚАЛЫП ҚОЮ ҚОЗҒАЛЫСЫ**----------48